Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

ШЫҒЫСТАНУ/ ORIENTAL STUDIES/ ВОСТОКОВЕДЕНИЕ

ХҒТАР 16.21.47
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-6887/2026-156-3-177-188

СОПЫ АЛЛАЯР ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ («САБАТ УЛ-`АЖИЗИН» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

***Р.А. Досжан*[1], *Б. Әбдуәлиұлы**[2]

[1] Академик Ә. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан
[2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: raidoszhan@gmail.com, Bekzhan_A7@mail.ru

Аңдатпа. Қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты деректер әр кезең, әр дәуірлердегі әдеби тілдің нормаларына, даму жолдарына, өзгеру сипаты мен ерекшеліктеріне қатысты жазба мұраларда сақталған. Тарихи жазба мұралар тіл тарихы үшін бірден-бір дерек көзі болып табылады. Қазақ әдеби тілінің тарихы өзінің бастау көздерін көне замандардан алады, қазақ тіл білімінде жазбаша әдеби тілдің тарихына қатысты шешімін күтетін мәселелер көп. Қазіргі зерттеушілер шағатай әдеби тілін қазақ жазбаша әдеби тілінің қалыптасуына ықпал етуші арналардың бірі деп санайды. Шағатай әдеби тілі үлгісінде жазылып, қазақтар арасында таралған шығармалар біршама. Мақалада шағатай тілінің қазақ даласында танымал болғандығына мысал ретінде Абайдың осы тіл үлгісімен жазылған өлеңдеріне және қара сөздеріндегі Сопы Аллаяр есіміне назар аударылған. Автор бұған дейінгі ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, шағатай тілі терминіне түсінік береді және зерттеу барысында, сөз орайына қарай, осы терминмен қатар “орта азиялық түркі әдеби тілі”, “жазба әдебиеттегі тілдік дәстүр”, “түркі әдеби тілі дәстүрі” сияқты сөз тіркестерін де қолданады.

Сопы Аллаярдың «Сабат ул-`ажизин» (әлсіздердің табандылығы) атты шығармасының грамматикалық ерекшеліктеріне талдаулар жасалды, атап айтқанда қазіргі сын есім тудырушы дай/дей жұрнағы көне дағ/дек тұлғасымен, барыс, шығыс септік жалғауларының көне және қазіргі түрлері, есімше тұлғалы көне «-мыш» пен қазіргі «-ған» тұлғалары салыстырылады. Қазіргі қазақ тілінде дербес қолданылмайтын, ескі түркі тілінен қалған баяндауыштық, күшейткіш «дүр» формантының грамматикалық қызметі мен күшейткіш мағынасын ашу үшін мысалдар келтіріледі. Софы Алляр тіліндегі тағы бір ерекшелік – III жақтағы етістіктің көпше түріне -лар қосымшасының жалғануы және араб, парсы изафеттерінің көптеп қолданылуы. Мақалада грамматикалық құрылым элементтерімен қатар, көне түркі тіліне тән с ~ ш, ш ~ ч дыбыстарының сәйкестігіне де назар аударылады. Шығарманың лексикалық құрамында араб, парсы сөздерінің үлесі

Түсті: 03.01.2026; Мақұлданды: 25.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

жоғары және мұнда қазіргі қазақ есімдерінің құрамына енген біршама діни антропонимдер кездеседі.

Шығарма – өлеңмен жазылған поэтикалық туынды, ол – тарихи жазба жәдігер әрі белгілі бір дәуірге тән тілдік деректер қоры. «Сабат ул-`ажизиннің» (әлсіздердің табандылығы) тілінде өткен дәуірлердің белгілері, сол дәуірлерге тән тілдік элементтер, сөз орамдары, көнерген тұлғалар сақталған. Зерттеу барысында шығармадағы тілдік деректерді негізге ала отырып, қазақ жазбаша тілімен байланысына назар аударылады.

Түйін сөздер: шағатай тілі, орта азиялық түркі әдеби тілі, поэтикалық туынды, сопылық әдебиет, сөз тіркесі, дыбыстық өзгеріс, үндестік заңы, көне түркі, кірме сөздер, кітаби тіл, дыбыстар сәйкестігі, лингвотекстология, графофонология.

Кіріспе

Араб жазулы ескерткіштер тілін зерттеу Орта Азия халқы, соның ішінде қазақ халқы да қолданған шағатай тілімен тікелей байланысты. Араб жазуымен осы тілде жазылған шығармалардың қазақ әдеби тілінің қалыптасуында өзіндік орны болды. Солардың қатарына Сопы Аллаярдың мұраларын жатқызуға болады. Зерттеудің негізгі мақсаты, міндеттері, өзектілігі тұрғысынан алғанда Сопы Аллаяр заманындағы әдеби тілдің тарихи сипаты, қалыптасуы мен ерекшелігі өзіне назар аударады; шығармаларының тілі бойынша зерттеу жүргізгенде оған дейінгі «шағатай тілі» терминінің шығуы, қазақ әдеби тілімен байланысы және Сопы Аллаяр тілінің қазақ әдеби тілінің тарихындағы орны секілді мәселелер өзектілігімен ерекшеленеді.

XIV ғасырдың өзінде-ақ, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың үлесіне тиген ұлыс халқы «шағатай түріктері» деп атала бастаған. Ә.Науаи, Бабыр шығармаларында «шағатай елі» атауы Шағатай әулетінің қоластына қараған халық деген мағынада қолданылған. Темурилер тұсында Шағатай ұрпағының беделі төмендегенмен, мүлде жоғалып кеткен жоқ. Ал Шайбанилер тұсында көшпенділер мен отырықшы түріктерді салыстыра атап, шағатай елі, шағатай тілі (сондай-ақ өзбек тілі) тіркесін қолдану көбейді: Ә. Науаида шағатай лафзи (шағатай тілі) термині қолданылған (Оразов, 1992: 18).

Шағатай тілі XVI ғасырдан кейінгі дәуірде жеке мемлекет болып құрыла бастаған түркі халықтарының, соның ішінде қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз қалады. Таза шағатай тілінде жазылған әдеби шығармалар XIX ғасырда қазақ даласында таралып, оны мұсылманша сауаты барлар оқып түсінген. Қазақ халқы XIV-XV ғасырларда құралып, қалыптаса бастады дегенімізбен, бүгінгі қазақ әдеби тілі дәрежесіне жеткенге дейін дамудың түрлі сатыларынан өтті. Сондай-ақ ғасырлар бойы қалыптасқан көне жазба дәстүрді де толық жоғалтқан жоқ. Ұлт ретінде қалыптасқаннан кейінгі мұралардың да көпшілігі сол ортақ түркі әдеби тілінде жазылды. Әсіресе XVI-XIX ғ. аралығындағы ресми хаттар, әртүрлі құжаттар стилінде осы дәстүр сақталды. Сондай-ақ осы кезеңдердегі сөйлеу тілінің негізінде жаңа поэзия тілі қалыптаса бастады. Демек, “кітаби тіл” деп аталып жүрген жазба дәстүр – ортағасырлық дәуірде жасалған үлгі. Бұл дәстүрдің басты ерекшелігі – сөздердің көне тұлғаларын, көптеген түркі тілдеріне ортақ формаларды барынша сақтауында еді. Сондықтан сөйлеу тілінен шығып қалған көне тілдік элементтер әр кезеңдегі жазбалар тілінде қайта жаңғырып қолданылып отырды (Исаев, 1996: 126).

Ескі түркілік негізде дамыған шағатай тілі кейінгі қазақ әдеби тілінің барлық кезеңдерінде де өзіндік маңызы мен орнын жоғалтқан жоқ. Ескі қазақ жазба тілінің үлгілері шағатай тілін өзінше пайдаланды. Сондықтан авторлардың өзіндік сөз қолдану дәстүрі мен шеберлігіне қарай шағатай тілінің лексикалық, грамматикалық нормалары бір шығармаларда мол, екіншілерінде аз сақталды. Ислами дүниетанымның бір бағыты – Сопылық ағым өкілдерінің шығармалары арқылы түркі халықтарына, соның ішінде қазақтар арасында да тарала бастады. Солардың арасында Сопы Аллаярдың шығармалары бар еді. Оның қазаққа танымалдығын Абайдың 38-қара сөзіндегі сілтемесінен байқауға болады: «Шәкірліктен ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай дегені басыңа келеді (бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай – бір адамнан жүз адам қолайсыз жағдайда (бижай – жәйсіз, қолайсыз). Фәрдун (арабша) – ﻓﺮﺩ – адам (Құнанбайұлы, 2003: 134).

ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

Кезінде түркі халықтары арасында кеңінен тараған сопылық ағым өкілдерінің шығармалары халықтың рухани сұранысымен сәйкестік тапқаны рас. Сондықтан көпшілік қауымның қызығушылығы да жоғары болды. «Қазақ даласында мұсылманша сауат ашқан шәкірттер «Аллаяр сопы» кітабын міндетті түрде оқитын болған» (Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, 1998: 272). Ислам қағидаларын өлеңмен жеткізіп, адам тәрбиелеу құралына айналған Сопы Аллаяр шығармалары қалың көпшілік тарапынан қолдау тапты. Бұл бағытта жазылған еңбектер қолдан-қолға өтіп, бірнеше қайтара көшіріліп, бүгінгі күнге сақталып жетті. Діни сауатты бар, шағатай тілінен хабары бар адамдардың бәрі де шығарманы оқып, еркін түсіне алды.

Дегенмен келе-келе қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде бұл шығармалар біртіндеп ұмытыла бастады. Сопылық поэтикалық мектептің өкілі Сопы Аллаяр есімі қазақ әдебиеті тарихында қазір атала бермейді. Қолжазбасы қазақ ғалымдары тарапынан әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынған жоқ, сондықтан ғылыми ортаға да кеңінен танымал емес. Сопы Аллаяр өз еңбектерін шағатай тілінде жазды. Идеологиясы жағынан сопылық ағымдағы ислам дінінің уағыздарына негізделген қолжазбаның бүгінде тарихи-лингвистикалық мәні зор. Қолжазбаны жариялау, аудармасын жасап, түсіндірме сөздігін дайындау қазақ тіл білімінің алдындағы келелі міндет. Халықтың жадында ұзақ сақталып, елдің шынайы ықыласына бөленген тұлғалардың бірі – ақын, ислам дінінің өкілі сопы Аллаяр қолжазбаларының (шығармасы) шағатай тілі аталып жүрген орта азиялық түркі әдеби тілінің сипатын көрсетуде алар орны ерекше.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақалада «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек қорлар (редкий фонд) бөлімінде №179728-мен сақтаулы тұрған Сопы Аллаярдың «Сабат ул-`ажизин» қолжазбасының көшірмесі пайдаланылды және Рашид Зохидтің «Суфи Оллоёр. «Саботул ожизин» шархи. Равойихур райхон [Матн] (Рашид Зохид, 2024) еңбегінде берілген қолжазбаның мәтіні алынды. Екі мәтінге өзара салыстырулар жасалды.

Шығарманың тіліне талдаулар жүргізу бірнеше тәсілдерді негізге ала отырып жүзеге асырылды. Бірінішіден, Софы Аллаярдың шығармалары бойынша түркі және қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектеріне шолулар жасалып, айтылған пікірлер зерделенді. Екіншіден, шағатай тілі туралы қазақ ғалымдарының пікірлеріне және осыған дейін қолданылған “орта азиялық түркі әдеби тілі”, “жазба әдебиеттегі тілдік дәстүр”, “түркі әдеби тілі дәстүрі” секілді ұғым-түсініктерге сипаттамалық талдаулар жасалды. Үшіншіден, шығарманың тіліне лексика-грамматикалық, фонетикалық тұрғыдан талдаулар жасау үшін тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық салыстыру әдістері қолданылды. Диахронды-синхрондық тәсіл арқылы Орта азиялық түркі әдеби тіліне тән грамматикалық тұлғалардың ерекшеліктері әдеби тілдің қазіргі нормаларымен салыстырылды, шығармадағы тұрақты сөз тіркестеріне құрылымдық-семантикалық талдаулар жасалды. Дыбыстық ерекшеліктер мен сәйкестіктерге саластырмалы талдаулар жүргізілді, олардың бойынан көрінетін тарихи-тілдік құбылыстардың қазіргі қалыптасқан заңдылықтармен өзара байланысы анықталды.

Шығарманың лексикасын көне түркі жазба ескерткіштері тілімен және қазіргі қазақ тілмен салыстыра зерттеу арқылы араларындағы тұлғалық, мағыналық өзара байланысы мен айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан зерделенді.

Жинақтай келгенде тарихи қолжазбаны орта азиялық түркі әдеби тілінен қазақ тіліне аудару арқылы нақты деректерді жинақтау, топтау, сұрыптау, ұғымдық тұрғыдан салыстыру сияқты дәстүрлі тілдік тәсілдер қолданылды.

Сопы Аллаяр шығрмалары түркі тілдес елдер ғалымдары тарапынан зерттеу нысанына алынып, ғылыми еңбектер жариялады. Башқұр әдебиетінде Сопы Аллаяр есімі негізінен оның «Сабат ул-ғажизин» кітабының түсіндірмесін жасаған Тажетдин Ялсыгул-улы Ялсыгуловтың «Рисалат-ул-Ғазиза» (Ғазизаға хат) кітабы жарық көрді (Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, 1998). Башқұрттар «Сабат ул-ғажизин» кітабының тілі ауыр, араб-парсы сөздері көп деп, Тажетдин Ялсыгуловқа қызы Ғазиза арқылы кітапқа түсіндірме жазуын сұрайды. Осыған байланысты Т.Ялсыгулов Сопы Аллаярдың еңбегіне түсіндірме жазып, оны «Ғазизаға хат» деп атайды. Бұл кітапта Сопы Аллаярдың әр бәйітінен кейін түсініктемелер дәйектеме (интерпретация) түрінде берілген. Өз дәйектемесін тұжырымдау мақсатында Құранға немесе белгілі сопы ғалымдар пікірлеріне сілтеме жасалған. «Ғазизаға хат» деген еңбегінде Сопы Аллаярдың төрт кітап жазғаны айтылады:

«Төрт кітап тасныф айлады. Әуел Маслак ул-муттақин, екіншісі Мурад ул-арифин, үшіншісі Махзан ул-мутиғин, төртіншісі Сабат ул-ғажизин. Бұ төрт кітабны тасныф қылып халайық арасында кереметі мәшһүр олды. Шейх Хабибу-Алланың муаббир халифелеріненолды» (Аллаяр, 1893: 7). Төрт кітап жайында мәлімет «Ислам энциклопедиясында» да келтірілген (Ислам энциклопедиясы, 1995). Бұл деректен Сопы Аллаярдың «Маслак ул-муттақин» (Тақуалар жолы), «Мурад ул-арифин» (Білімдарлар/гностиктер/ мұраты), «Махзан ул-мутиғин» (Мойынсұнушылар қамбары), «Сабат ул-ғажизин» (Әлсіздердің табандылығы) кітаптарын құрастырғанын білеміз. Осы төрт кітаптың ішінде ерекше көрнектісі ретінде «Сабат ул-`ажизин» жинағы аталады. // Ұлттық кітапханада №179728 бойынша «Әлсіздердің табандылығы» деп аударылатын бұл кітаптың Муртаза Муса Апанаевтың қаражатына бастырылған нұсқасы бар (Аллаяр, 1841). Бұл кітап Қазандағы «Людвик Шивитсон» баспасынан 1841 жылы шыққан. Зерттеуші Г.Р.Ильясова «Сопы Аллаярдың «Сабат Ал-Гаджизин» және Т.Ялсыгуловтың «Рисала-и Газиза» шығармаларының лингвотекстологиялық ерекшеліктері» дейтін тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеу жұмысында ақынның шариғат, тариқат, мағрифат және хақиқат қағидаларын өз еңбектеріне қалай енгізіп, оларды қалың көпшілікке түсінікті түрде ұсынғанын ғылыми тұрғыдан сипатайды және осы еңбектерінің түрлі басылымдарындағы графофонологиялық және морфологиялық айырмашылықтарына, ортаазиялық және Орал-Еділ өңірінде басылған нұсқаларының лексикалық ерекшеліктеріне саластырмалы талдаулар жасалады, лингвомәтінтанымдық (лингвотекстологиялық) тұрғыдан зерттеулер жүргізіледі (Ильясова, 2009).

Сопы Алаярдың еңбектері сонымен қатар (Маханова, 2008), (Ulug‘ov, 2025), (Kotibov, 2025), (Suvayakulov, 1997) т.б. секілді өзбек, татар ғалымдары тарапынан әдеби зерттеулер жүргізілді

Қазақ тілінде Сопы Аллаярдың шығармаларына қатысты ізденістер өте аз, бұл бағыттағы еңбектер тек «шағатай тілі» термині және оның қазақ әдеби тіліндегі орны немесе қалыптасуына ықпалы бойынша жүргізілген. Кеңес дәуірінен бұрынғы жазба тіл «шағатай тілі», бірде «көне өзбек тілі» немесе «кітаби тіл» аталып келді. Оның сипаты жөніндегі пікірлер де әртүрлі. А.С. Аманжолов: Шағатай тілінің Шағатай ұлысына енген Орта Азия, Жетісу және Шығыс Түркістан жерінде кең тараған жазба әдеби түркі тілінің тұспалды атауы ретінде XIV ғасырда пайда болғанын айтса (Аманжолов, 1980: 17), С. Исаев: ... “шағатай” немесе “көне өзбек” тілі бір тайпаның, болмаса бір елдің (народность) ғана тілі емес. Оны түркі тілдерінен өзгеше, бөлек тіл дегеннен гөрі, жазба әдебиеттегі тілдік дәстүр деп қараған жөн екенін айтып, осы шығармалардың авторлары өздері жазып отырған тілді “түркі” немесе “түрки” тілі деп атағанына тоқталады. Ғалым XIV-XV ғасырдың ақындары Атаи, Саккаки, Лутфи, Алишер Науаиді мысалға келтіреді. Сол сияқты М.Қашқари, А.Йүгінеки сынды ғұламалар да өз еңбектерін түркі тілінде жазғандығын айтады (Исаев, 1996: 120-121). Р.Сыздық: ескі өзбек (староузбекский), ескі татар (старотатарский) тілі дегендерге шағатай (ортаазиялық түркі) тілінің негіз болғанын және ескі қазақ жазба әдеби тіліне де шағатай тілінің арқау болғанын айтады (Сыздықова: 2014, 19).

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде қазақ мемлекеттігі тұсындағы құжаттардың, яғни хан жарлықтары, өзге елдермен арадағы қатынас хаттары, тарихи шежірелер т.б. секілді жазба дүниелер ортаазиялық түркі әдеби дәстүріне негізделген қазақтың ескі жазба тілінде жазылғаны, қазақ хандарының канцеляриясындағы ресми құжаттар осы тілде жүргізілгені туралы айтылады (Сыздықова: 2014, 68). Түрлі сипаттағы хат-хабаралармен қатар, қазақтар арасына таралған көркем шығармалардың да дені шағатай әдебиеті үлгісінде жазылды. Бұл дәуірлерде ортаазиялық жазба әдеби нормаларын сақтап жазу қазақ қисса-дастандарында, проза жанрының біразында әртүрлі деңгейде болды.

Шағатай әдебиетімен жақсы таныс болған Абай да алғашқы өлеңдерін шағатайшылап жазды:

Дедім зауқын тұтып, шытақыны ебей,
Көз, қашыңа сүртубән, қабағыны өбей,
Гүлдек юзің исләбән дудағыңы өбей,
«Юқ, юқ!» әгәр десең, айағыңны өбей.

Абайдың шағатай тілінде жазылған «Әлифби» өлеңінде шығыс ақындарына еліктегені байқалады. Өлеңнің әрбір жолы араб әліпбиіндегі жиырма сегіз әріптің атымен басталады да, соңғы бір шумағында сөздің асты-үстіне қойылатын белгілер жайлы айтады:

Әлифдек ай йузіңе ғибрат еттім,
Би, бәләи дәртіңа нисбат еттім.
Ти, тілімнән шығарып түрлі әбиат,
Си, сәнаи мәдхия хүрмәт еттім ... (Құнанбайұлы, 2003: 37).

Араб әліпбиінде бұл әріптердің аттары алиф, ба, та, са түрінде айтылады. Өлең шумағында шағатай тіліне тән ж дыбысының орнына й-дің, е-нің орнына ә-нің, -дай, -дей жұрнағының орнына көне -дек жұрнағының және ғибрат, бәләи, нисбат, әбиат, сәнаи, мәдхия, хүрмәт араб, парсы сөздерінің қолданылғандығын көреміз. Абайдың ортаазиялық жазбаша әдеби тіл нормаларының үлгісін қолдануынан қазақ жазбаша әдеби тілінің бастауларындағы сабақтастықты көруге болады. Бұл Сопы Аллаяр қолданған әдеби тіл мен стильден де осы үлгі көрініс береді.

Сопы Аллаяр шығармасы тілінің ерекшелігіне төмендегідей қолданыстардан көрінеді – қазіргі сын есім тудыратын дай/дей жұрнағы шығармада көне түркі тіліндегідей дағ/дек тұлғасында жұмсалады: алардек (олар сияқты), андағ (ол сияқты), өзімдек (өзім сияқты), көмүрдек көмірдей, гүлдек ‘гүлдей’, күлдек ‘күлдей’, құлдек ‘құл сияқты’, нурыдек ‘нұр сияқты’, атдек ‘аттай’, атаңдек ‘атаңдай, әкеңдей’, алардек (олар сияқты), бұрнағыдек ‘бұрынғыдай’, барыс септігінің -ға жалғауының орнына -а көрсеткішінің келуін: кімә ‘кімге’, аңа ‘оған’, хакимә ‘әкімге’, Мәриама ‘Мәриамға’, Мәсиха ‘Мәсихқа’, жайа ‘жайға, орынға’; оғызша септелген есімдіктерді мәңә ‘маған’, сәңә ‘саған’, аңа ‘оған’ немесе тәуелдік жалғауының III жағынан кейін барыс септігінің жалғауы -ға, -ге түрінде жалғанады: йалбарғаныға ‘жалбарынғанына’, beһишт алдыға ‘жәннәт алдына’, айақ астыға ‘аяқ астына’, `ажаиб ішләріға ‘ғажайып істеріне’, сун`атыға ‘жаратуына’, наласиға ‘наласына’; Шығыс септігінің жалғауы (-дан-нан өзге) -дын, -дин түрінде келеді: көздин ‘көзден’, қолыңдин ‘қолыңнан’, паларыңдин ‘аяқтарыңнан’, а`заларыңдин ‘мүшелеріңнен’, мундин ‘мұнан’, тұрғандин ‘тұрғаннан’, йанардин ‘жанардан, өртенуден’, сүйүнгәндин ‘қуаныштан, сүйінгеннен’, қолымдин ‘қолымнан’, харамдин ‘харамнан’, ұлұғлардин ‘кәрілерден’, кічікләрдин ‘жастардан’, дариадин ‘дариядан’; есімшенің -мыш жұрнақты түрі: қылмыш ‘қылған (іс)’, тырмыш ‘тырмыс’, олмыш ‘болған’, ерміш ‘екен’; Қазіргі қазақ тілінде дербес қолданылмайтын, ескі түркі тілінен қалған баяндауыштық, күшейткіш дүр форманты: болұбдүр ‘болыпты’, алыб барғаныдүр ‘алып барғаны’, болғұлұғдүр ‘болатын’, болұбдүр ‘болыпты’, бұдүр ‘бұл’, задидур ‘азығы’, бадидур ‘самал желі’, айағ астыдадур ‘аяқ астында’, дарйасидур ‘дариясы’, күндур ‘күн’; III жақтағы етістіктің көпше түріне -лар көрсеткішінің жалғануы: айырылмадылар ‘айырылмады’, йықылдылар ‘жығылды’, қылдылар ‘қылды’, қылмадылар ‘қылмады’, тұтсалар ‘жүрсе, ұстаса’, сондай-ақ араб, парсы изафеттері көптеп қолданылды: жаһалат хамри ‘надандық шарабы’, ғафлат хамри ‘ғәфлет арағы’, һади `алам ‘әлемді тура жолға бастаушы (пайғамбарымызды айтып отыр)’, Һауа-и нәфс ‘нәпсі құмарлығы’, `алами ғаиб ‘ғайыб әлемі’, `алиму-с-сир ‘сырларды білуші (Алла тағала)’, арбаби `илм ‘ілім иелері, ғұламалар’, `арифи биллаһ ‘Алланы таныған кісі’ т.б.

Сопы Аллаяр шығармасы шағатай немесе ортаазиялық түркі тілінің тілдік оралымдарын, көркемдік бітімін, стильдік ерекшеліктерін, мән-мағынасын ашып көрсетуге дәйектеме бола алады. Шығарма тілінің көркемдік сипатқа ие болуы ондағы қолданылған астарлы мағыналы, күрделі, терең ойлы тұрақты сөз тіркестерінің ұтымды жұмсалуынан да көрінеді. Автор өз шығармасында түркі тілінің қолданыстағы жанды лексикасын, соның ішінде тұрақты сөз тіркестерін алады. Шығармада олар кеңінен пайдаланылған. Тұрақты сөз тіркестерінің біразын қазіргі тілмен салыстырғанда, өзарасындағы лексика-семантикалық сабақтастықтың сақталғанын көруге болады. Мысалы, көздин аб (төкиб) ‘көздің суын (төгіп)’, көңіл бурчинда ‘көңіл бұрышында’, чехрәсін қылмас үчүн зәрд ‘жүзін қызартпау (ұятқа қалдырмау) үшін)’ – бұл берілген мысалдардан «ұялу» мен «қызару», «көздің суы» мен «көздің жасы», «көңіл бұрышы» – «көңіл бұрышы немесе түкпірі» т.б. мағынасы мен айтылар ойы бірдей тіркестер. Сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің кейбірі көне түркі тіліндегі қолданыстар – қазіргі кезде де мағыналық ерекшелігін сақтаған, ал араб сөздері мағынасы бойынша түркі тіліндегі нұсқаларымен сәйкес келіп отыр.

Орта Азияда көне түркі дәуірінен орта ғасырларға дейін д әдеби тілі қолданылып келді. Сонымен қатар Орхон-Енесей сына жазуларында й дыбысы да қолданылды. Кейіннен д, ж әдеби тілінің орнына й әдеби тілі орын тепті. Шағатай тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі – д, ж дыбыстарының орнына й дыбысы қолданылды (Досжан, 2011: 10).

Сопы Аллаяр шығармасының тілінде де осы жазу нормасы сақталған. Мысалы: йалғұз, йеті, йетміш, йер, йеңіл, йоқары, йол, йоқ, йүз, йүбәр т.б.

Көне түркі тіліне тән дыбыстар сәйкестігі кездеседі, атап айтқанда с-ның орнына ш дыбысының, ш-ның орнына ч дыбысының қолданылуы сияқты құбылыстар X-XV ғ. бірыңғай белең алып, сол дәстүр жазба әдеби тілде XVIII-XIX ғ. дейін жалғасып келді. Мысалы: шумлұғ ‘сұмдық’, іш ‘іс’, кіші ‘кісі’, түш ‘түс’, таш ‘тас’, йұмшақ ‘жұмсақ’ немесе ш-ның орнына ч-ның қолданылуы: қылыч ‘қылыш’, кечүр ‘кешір’, чайна ‘шайна’, чатыр ‘шатыр’, чық ‘шық’, чәңгәл ‘шеңгел’, чомұл ‘шомыл’, чүрүк ‘шірік’ т.б. Тіпті кейбір элементтері XX ғ. басындағы жазба тілде, баспа беттерінде де қолданылды. Сондықтан бұл аралықты ескіден жаңаға бет алған «өтпелі кезең» деуге болады. Дегенмен бұл аралықта жазылған жазба мұралардың тілдік ерекшеліктері мен қолданыстан шығып қалған көне сөздердің ара салмағы әртүрлі деңгейде. Жеке ұлттар ретінде қалыптасқан түркі халықтарының тілдік ерекшеліктеріне қарай жоғарыда айтылған екі дыбыстың бірінің басымдыққа ие болуының дәрежесін жазба жәдігерлер тіліне қатысты анықтауға болады. Дегенмен тайпалар тіліне қатысты мұндай айырым белгілердің пайда болу тарихының тамыры тереңде. Осыған байланысты орта түркі әдеби тілінің дәстүрімен жазылған ескерткіштердің халыққа түсініктілік деңгейі де әртүрлі. Кейінгі дәуірлерде жазылған қисса-дастандардың көпшілігі жалпы халыққа түсінікті. Олай болуының бірден-бір себебі – көшірушілер тарапынан енгізілген өзгертулер, яғни қазақ оқырмандарының сұранысына жақындатуға бейілділіктен болса керек. Ал біз қарастырып отырған шығарманың тілі жалпы көпшіліктің түсінігіне ауыр. Себебі шығармада қазір мағынасы өзгерген не ұмытылып бара жатқан көне түркі сөздері кездеседі. Мысалы, көне түркі тілінде мынадай сөздер бар: бітіл ‘жазыл’, көксүн ‘ашулы, ызалы, ызаланған’, қобғай (көне түркі qop) ‘тұрғай, тұрар’, құрғашын (көне түркі qoruγžïn) ‘қорғасын’, німәрсә көне түркі тілінде nemàrsà тұлғасында кездеседі, мағынасы: ‘что бы ни было’, ‘что ни есть’, ‘все, что можно’ (ДТС, 1969: 358), яғни ‘не болса да’, ‘не бар’, ‘сіз жасай алатын барлық нәрсе’, не сұрау есімдігі мен нәрсе сөзінің бірігуі арқылы жасалған. Шығармада ‘не нәрсе’, ‘қандай нәрсе болса да’ сияқты мағынада қолданылған.

Көне сөздердің көпшілігі не жергілікті сөйлеу тілінде қолданылатын, не дыбыстық өзгеріске түскен немесе көнеріп, ұмыт болған ежелгі сөздер. Мысалы: көпрүк ‘көпір’, олтыр ‘отыр’, олтурмас ‘отырмас’, ұхла ‘ұйықта’, йүзүн үгүр ‘жүзін бұр, теріс айнал’, berkit ‘укреплять’ (ДТС, 1968: 96) ‘берік ет’ (berk ‘крепкий’ түбірінен жасалған), сары (көне түркі saru) ‘қайыру, түру, орау’, дузах саридин ‘тозақ түрілгеннен (тозақтың есігі ашылғаннан)’, сарыден ‘түрілгеннен (ашылғаннан)’, узра (түркі, өзб.) ‘үстінде’, uzra, ùzà ‘вверху, сверху’ (ДТС, 1969: 620, 629), йанмақ (jan) ‘қайту’, ал/ел ‘қол’ т.б. Көне дәуірлерден бері қолданылып келе жатқан tïš ‘тіс’ сөзінен tïšla ‘тісте’ (Древнетюркский словарь, 1969: 569) туынды етістігі жасалған. Бұл сөздің ескерткіште, бүгінде тілімізде қолданыстан шығып қалған, тішләк ‘тістеу’ нұқасы қабаған мағынасында қолданылады. Көне naru мәтінде нари ‘әрі, ары, әрмен’ тұлғасында кездеседі, қазіргі өзбек тілінде сақталған. Алып барады, алып кетеді; тасиды, сүйрейді мағынасындағы көне елтәр (көне түркі elt) сөзі кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі елту, еліктіру етістігінің шығу тегі осы түбірмен байланысты.

Тілімізге сіңісіп кеткен араб, парсы сөздерінен бөлек, мағынасы түсініксіз, тек сөздіктер арқылы түсінуге болатын кірме сөздер мен діни терминдердің қатары да мол. Бұл шығарманың мазмұнын еркін түсінуге кедергі келтіреді. Мысалы: hидаят – Алланың бұйырған тура жолына түсу, иман етіп, ізгі амал істеу. `Ақида (араб) сенім, наным, көзқарас (дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі иман негіздері дегенді білдіреді). `Арш (араб) Ғаршы – Алла тағаланың жаратқан нәрселерінің ішіндегі ең үлкені. Бірақ оның не екенін ешкім білмейді. Осы секілді діни терминдер мен олардың мағынасын дін мамандары болмаса, былайғы көпшіліктің бәрі түсіне бермейді.

Көне түркі жазба ескерткіштеріне тән сөз ортасы мен соңында ғ дыбысының сақталып жазылуы жиі кездеседі: ағыр (түркі) – ауыр, бағла – ‘байла’, тағ – тау, сағ – сау, бағ – бау, жіп, сарығ йағ – сары май, аччығ –ащы, қаттығ – қатты, қатулы, түрлік – түрлі т.б.

Қазіргі қазақ тілінде ұяңмен айтылатын сөз шығармада қатаңмен айтылады: тайар – даяр, тітрә – дірілде (тітіре), тоңыз – доңыз. Сөздердің қатаңмен айтылуы, қосымшалардың қатаңнан бастап жалғануы – көне тілге тән қасиет. Шығарма тіліндегі қатаң дыбыстардан кейін жалғау, жұрнақтың жалғану үндестігінде қайшылық бар. Қазіргі тілімізбен салыстырғанда біршама қосымшалар жұмсақ айтылады, яғни қатаңға бітетін түбірге ұяңнан басталатын қосымша жалғанады: чықды, етді, ішдә ‘істе’, йүгүрмағ ‘жүгіру’, Хаққа ‘Хаққа’, адамизад ‘адамзат’, қонақмыз ‘қонақпыз’, афатлы (апатты), ғафләтлі (қамсыз), хошла ‘қошта’,

ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

емәклә (өзбек) ‘еңбекте’ т.б. Осыған керісінше кей сөздердің құрамындағы қатаң дыбыстар үндестік заңына бағындырылмай түбір сақтап жазылады. Мысалы, қазақ тілінде сөз соңындағы қатаң, дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, ұяңданып айтылады да, айтылуынша жазылса, ал шығарма тілінде кейбір сөздерде бұл заңдылық сақталмайды: табар (ет.) – тап+ар, төгіл – төкүл, ешік – ешікінда ‘есігінде’ т.б.

Түркі тілдеріне тән үндестік заңы көне жазбаларда қатаң сақталады, осы тілдік дәстүр шығармада ерін үндестігінен көрінеді: қондұрурлар ‘қондырады’, солдұрурлар ‘солдырады’, құрұғлұғ ‘құрулы’, құтұрұб ‘құтырып’, құсұб ‘құсып’, құрұғ ‘құрғақ’, құрұб ‘құрғап’, төкүлүб ‘төгіліп’ т.б.

Лингвистикалық талдау нәтижесінде шығарманың тілі ислам дінін қабылдаған түркі халықтарына жат емес екендігі айқындалды. Шығарманың сөздік құрамы әралуан. Мәтінде араб, парсы сөздерінің үлесі жоғары. Бұның бір себебі – қазақ тіліне қарағанда, өзбек тілінде араб, парсы сөздерінің үлес салмағы жоғары. Жеткізетін ақпараттарының мазмұнына сәйкес сопылық әдеби шығармалардың лексикалық қорында діни сөздердің, терминдердің мол болуы заңдылық. Сопы Аллаярдың «Бисмиллаһи-р-рахмани-рахим» атты баянында біршама антропонимдер кездеседі, нақтырақ айтқанда агиоантропонимдер. Бірінші кезекте Сафи (а.с.) – толығы Сафиуллаһ, Адам ата (а.с.), Нұх (а.с.), Халилуллаһ (а.с.) – Ибраһим пайғамбардың лақаб аты, Һуд (а.с.), Сүлеймән, Жәбрәйіл, Мұхаммед (с.а.у.), Мәриям (а.с.), Мәсих (Исаның (а.с.) лақаб аты), Халил (а.с.) секілді пайғамбарлардың аттары аталады. Ономастикалық жүйе, нақтылай айтсақ классификацияға жүгінетін болсақ, бұлардың кейбірін өз аты және лақаб аты деп екіге бөлуге болады. Сафи (а.с.), Халилуллаһ (а.с.), Мәсих – пайғамбарлардың лақаб аттары. Сол секілді «Ад қауымы» – мұсылман жұртына белгілі этноним.

Бұл есімдердің мағынасында көптеген дінмен байланысты ақпараттар сақталған. Мысалы, Адам атаның (а.с.) есімі адамзат атаулының бастауын, жұмақты, Хауа ананы, шайтанды, жер бетіндегі алғашқы өмірді т.б. басынан кешкен барлық оқиғаларды қамтиды. Діни аңыздардан хабары бар мұсылмандардың барлығы Адам атаның (а.с.) есімімен бірге осы оқиғаларды есіне түсіре алады. Сол секілді мұсылман қауымы үшін Ибрахим пайғамбардың есімінде шөл далада қалған Ажар анамыз бен сәби Ысмайыл пайғамбардың шарасыз хәлдері, жерді тесіп шыққан қасиетті Зәмзәм бұлағы, Сафа мен Мәруа төбелері, алғашқы құрбандық, яғни құрбан шалу дәстүрінің тарихы туралы ақпараттар сақталған. Шығарманың жалпы мазмұны өте кең, бір сөйлем, бір күрделі синтаксистік тұтастық немесе бір сөз тіркесі белгілі бір оқиғаны меңзейді. Мысалы, бір пайғамбар жайлы екі тармақтан ғана тұратын өлең жолы бір оқиғадан хабар береді.

Ғазаб ел `адиларны қылды набуд,

Еді ол ел нәсими таби`и Һуд.

(Тәңрі) ашуынан болған қатты жел, Адилерді (Ад қауымы). жоқ қылды, ол жел Һудқа (а.с.) ілескендер үшін самал жел болды.

Мұнда Һуд (а.с.) пайғамбар кезіндегі Ад қауымына қатысты оқиғаны меңзейді. Ад қауымы топан судан кейін жолдан тайғандардың бірі болатын. Хазіреті Һуд (а.с.) қауымын хақ дінге шақыру барысында көптеген «муғжизалар» көрсеткенімен, одан еш нәтиже шықпайды. Ол қауым иман етуден бас тартқандықтан Алланың азабына ұшырап, қатарынан жеті-сегіз күндей алапат дауыл тұрып, пайғамбарға ілескендерінен басқасы жермен жексен болады.

Мәдәд қылса Худаий `әләм арай,

Хабиб етсә ишарат айрылур ай.

Әлемді әшекейлеп әдемілеуші (Алла тағала) жәрдем берсе,

Сүйікті құлы (с.а.у.) ишарат еткенде, ай екіге бөлінді.

Мұндағы «сүйікті құл» – Мұхаммет пайғамбар (с.а.у.). Айдың екіге бөлінуі – Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) көрсеткен «мұғжиза». Бұл құбылыстың негізгі белгілерін тіл біліміндегі прецеденттілік ұғымымен байланыстыруға болады. Прецеденттілік – тілдік қауымдастықтың мәдени жадында сақталатын құбылыс. Оның «прецедентті мәтін», «прецедентті есім», «прецедентті жағдаят», «прецедентті айтылым» секілді түрлері бар. Мысалы: Нұқ пайғамбар – прецедентті есім, «Топан су» оқиғасы – прецедентті мәтін, «қауымның суға кетуі» – прецедентті жағдаят, «Нұхтың кемесі» – прецедентті айтылым. Прецеденттіліктің түрлері арқылы қысқа сөзбен мәтіннің терең мағына беруіне мүмкіндік жасалады. Нұх есімінің айналасындағы прецедентті қолданыстар тыңдаушының санасында Нұх пайғамбардың қасиетті бейнесін, топан су, алып кеме, оған мініп жатқан жануарлар туралы оқиғалар мен сол сәтте болып жатқан жағдаяттарды түгелдей еске түсіреді.

Қорытынды

Шағатай әдеби тілі XX ғасырдың басына дейін көркем әдебиеттің құралы ретінде пайдаланылып келгені рас. Қазақтар арасында шағатай жазу дәстүрімен тараған шығармалар аз емес. Олар негізінен діни, тарихи, шежірелік және көркем-дастандық сипатта болды. Ал оның тілінде шағатай элементтері қаншалықты сақталды деген сұрақ әлі де көптеген зерттеулерді қажет етеді. Олай дейтін себебіміз қазіргі кезде түркі халықтарына ортақ шағатай тілі (Ортаазиялық ортақ әдеби тіл XV–XIX ғғ.) және ескі қазақ жазба тілі (қазаққа тән ұлттық жазба тілдің бастапқы кезеңі XVIII аяғы – XIX ғ.) ұғымдары қалыптасып, екі тілдің өзара қатынасына байланысты – бір-бірінен айырмашылығы бар екені туралы пікірлер айтылғанмен, шағатай тілінде жазылған шығармалар жеке-жеке зерттеліп, толыққанды монографиялық деңгейдегі еңбектердің жарық көрмегені де рас.

Шағатай тілінің кейінгі кезеңдерінде қазақ көркем әдебиет тілі бұл жазба әдеби тілден бөлек дамып, тек билеуші таптың ресми құжаттары, хаттар, арыздар, мәлімдемелер, бұйрық-жарлықтар ғана осы тілде жазылды.

Шағатай тіліндегі сөздік құрамның лексикалық, морфологиялық жүйесіндегі ерекшеліктер, тұлға-тәсілдердің қазіргіден өзгеше түрлі сипатта жұмсалуы немесе қызметі жағынан айырмашылықтарының болуы, сол кезеңдегі кітаби тілдік элементтердің кездесуі, көне сөздердің болуы, кейбір шығармаларда араб-парсы сөздерінің, оның ішінде діни терминдердің молынан жұмсалуы, сондай-ақ дыбыстық жағынан да біршама ерекшеліктердің кездесуі т.б. секілді көрсеткіштер бұл мұраларға үрке қарауға, қазақ тілінен алыс, әдеби тілде жазылмаған дейтін пікірлердің тууына ықпал етті. «Шағатай тілі жасанды тіл, оның тілі көпшілік халыққа түсініксіз» деген де пікірлер болған. Алайда шағатай тілі түркі дүниесінен өзге бір ортада қалыптасқан тіл емес. Шағатай тілінің түсініксіз болу себебі – араб, парсы сөздерінің, көне грамматикалық көрсеткіштердің және сөйлем құрылысында араб, парсы сөйлем үлгілерінің көп сақталуында.

Шығарманың авторы өзбек халқының өкілі болғандықтан, мәтіннің негізінде сол тілдің элементтері мол екендігі де рас, алайда бұл ерекшеліктердің көне тілмен де байланыстылығы, жалпы түркі тілдеріне ортақтығы да назардан тыс қалмауы керек, сондықтан тек өзбек тіліне теліп қою біржақты тұжырым болуы мүмкін. Шағатай тілі қазақтың жазба мәдениетінің маңызды кезеңін құрайды және қазіргі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына зор әсер етті.

Қазіргі ғылымда “шағатай тілі” термині біршама қалыптасып қалғаны белгілі, сонымен қатар біз зерттеу барысында орайына қарай “ортаазиялық түркі әдеби тілі”, “жазба әдебиеттегі тілдік дәстүр”, “түркі әдеби тілі дәстүрі” сияқты сөз тіркестерін қолдануды жөн көрдік, өйткені «шағатай тілі» ареалдық термин, шағатай ұлысының географиялық аумағын білдіреді. Жалпы түркі жұртына ортақ тіл және ортаазиялық түркі кеңістігін қамтитын ауқымын назарға алар болсақ, осыған дейінгі айтылған ғалымдар пікірін ескеруіміз керек. Сопы Аллаяр шығармасының танымалдық кеңістігі де Шағатай ұлысының аясынан ауқымды.

Қолжазба – өлеңмен жазылған поэтикалық туынды. Түсінуге ауыр соғатын тілі, араб-парсы сөздерінің өте көп қолданылуы, көп орындарда қазақ әдеби тілінің нормасына сай емес тұлға-тәсілдердің ұшырасуы т.б. Сопы Аллаяр шығармасының көзге түсерліктей айрықша белгілері болып табылады. Ақынның жазба мұрасын белгілі бір мақсатпен жазылған дидактикалық туынды деуге болады. Мазмұны философиялық, моральдық, үгіт-насихаттық, діни идеяларды, ғұлама ойларды білдіретін шығарма. Жетпістен астам баян не хикаят деп аталатын өлеңдерден тұрады. Әр баянның қойылған атауы бар. Тек «Бисмиллаһи-р-рахмани-рахим» деп басталатын бірінші өлеңнің еш атауы жоқ. Бұл өлең кіріспе ретінде ислам әдебиеті дәстүріне сай Алланың құдіреті паш етіліп мадақтауға, адамзат тарихында белгілі пайғамбарлардың ерен еңбектері мен ерекшеліктерін сипаттауға арналған.

Қолжазбаны қазақ тілінің заңдылықтарымен саластыра қарайтын болсақ, екеуіне ортақ элементтер де, ерекшеліктер де молынан кездеседі. Ортақтықтар: біріншіден, қолжазба тілі де көне түркі тілінен бастау алады, оның заңды жалғасы, сондықтан грамматикалық жүйесі мен көптеген лексикалық бірліктер екі тілге де ортақ; екіншіден, дыбыс заңдары да түркі тілінің ұлы жүйесіне барып тоғысады; үшіншіден, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда да құндылықтары ортақ халықтардың тілі болғандықтан, лексикалық қоры мен семантикалық кеңістігі бір-бірінен алыс емес. Ерекшеліктер – кейінгі ғасырлардың жемісі. Кірме сөздердің көп немесе аз болуы, Сопы Аллаяр шығармасында араб тілінің элементтері өте көп қолданылады, сонымен қатар араб тілінің стильдік ерекшелігі де ықпал еткені байқалады. Сопы Аллаяр

ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

шығармасының тілін зерттегенде, бірінші кезекте, оның қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ықпалы назарға алынады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің AP23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» тақырыбындағы мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жобасын іске асыру аясында әзірленді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Р.А. Досжан – зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, қолжазба мәтіндерін жинақтап, салыстырды және шығарманың лексикалық-грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктеріне тарихи-лингвистикалық талдау жүргізді;

Б. Әбдуәлиұлы – тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу жасады, зерттеу нәтижелерін жүйелеп, тұжырымдарды нақтылауға және мақала мәтінін ғылыми редакциялауға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов А.С. Көне түркі, араб, латын графикасы курсының программасы. – Алматы: Кітап, 1980. – 34 б.
2. Досжан Р.А. Ескі қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. – Астана, 2011. – Т. 1. – 208 б.; Т. 2. – 304 б.
3. Древнетюркский словарь / под ред. Э.В. Севортяна. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
4. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
5. Ислам: энциклопедия / автор-құрастырушы Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 280 б.
6. Қазақстан: ұлттық энциклопедия / бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – Т. 1. – 720 б.
7. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 296 б.
8. Оразов М. Шағатай тілі (жалғасы) // ҚР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1992. – № 1. – Б. 9–19.
9. Сабит-әл-аджизин. – Қазан: Людвик Шивитсон баспаханасы, 1841.
10. Софы Аллаяр. Маджмуғату-л-хикаят (Рисалат-ул-Ғазиза). – Қазан, 1893. – 254 б.
11. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғасырлар) // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 352 б.
12. Kotibov R.B. The role of Sufi Allayar's works in Uzbek literature and spiritual-educational heritage // European International Journal of Pedagogics. – 2025. – Vol. 5. – No. 4. – P. 153–156. DOI: https://doi.org/10.55640/eijp-05-04-36.
13. Ulug'ov J.N. Interpretation of spiritual and ethical values in the works of Sufi Olloyor // Open Academia: Journal of Scholarly Research. – 2025. – Vol. 3. – No. 11. – ISSN 2810-6377.

Р.А. Досжан[1], Б. Әбдуәлиұлы[2]

[1] Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: raidoszhan@gmail.com, Bekzhan_A7@mail.ru)

Преемственность языка произведения Сопы Аллаяра с древнетюркским и современным казахским языками (на основе произведения «Сабат ул-'ажизин»)

Аннотация. Сведения, относящиеся к истории казахского литературного языка, сохранились в письменных памятниках, отражающих нормы литературного языка различных эпох, пути его развития, характер и особенности изменений. Исторические письменные памятники являются основным источником для

изучения истории языка. История казахского литературного языка берет свое начало с древнейших времен, и в казахском языкознании остается немало вопросов, связанных с историей письменного литературного языка, ожидающих своего решения. Современные исследователи считают чагатайский литературный язык одним из источников, оказавших влияние на формирование казахского письменного литературного языка. Существует значительное количество произведений, написанных на чагатайском литературном языке и распространенных среди казахов. В статье в качестве примера популярности чагатайского языка в казахской степи рассматриваются стихотворения Абая, написанные в данной языковой традиции, а также упоминание имени Суфи Аллаяра в его «Словах назидания». Учитывая мнения предыдущих исследователей, автор дает определение термину «чагатайский язык» и в ходе исследования наряду с этим термином использует такие словосочетания, как «среднеазиатский тюркский литературный язык», «языковая традиция письменной литературы», «традиция тюркского литературного языка».

Проведен анализ грамматических особенностей произведения Суфи Аллаяра «Сабат ул-‘ажизин» («Стойкость слабых»). В частности, сопоставляются древняя форма дағ/дек и современный суффикс образования прилагательных дай/дей, древние и современные формы дательного и исходного падежей, древняя форма причастия «-мыш» и современная форма «-ған». Для раскрытия грамматической функции и усилительного значения форманта «дүр», сохранившегося от древнетюркского языка и не употребляющегося самостоятельно в современном казахском языке, приводятся соответствующие примеры. Еще одной особенностью языка Суфи Аллаяра является присоединение аффикса -лар к форме множественного числа глагола третьего лица, а также широкое употребление арабских и персидских изафетов. В статье наряду с элементами грамматической структуры уделяется внимание и соответствию звуков с ~ ш, ш ~ ч, характерному для древнетюркского языка. В лексическом составе произведения значительное место занимают арабские и персидские заимствования; кроме того, в тексте встречается религиозные антропонимы, многие из которых вошли в состав современного казахского антропонимикона.

Произведение представляет собой поэтическое сочинение, написанное стихами; оно является историческим письменным памятником и источником языковых данных определенной эпохи. В языке «Сабат ул-‘ажизин» («Стойкость слабых») сохранились признаки прошлых эпох, характерные для них языковые элементы, словесные обороты и архаичные формы. В ходе исследования на основе языковых данных произведения уделяется внимание его связи с казахским письменным языком.

Ключевые слова: чагатайский язык, среднеазиатский тюркский литературный язык, поэтическое произведение, суфийская литература, словосочетание, звуковое изменение, закон сингармонизма, древнетюркский язык, заимствованные слова, книжный язык, соответствие звуков, лингвотекстология, графофонология.

R.A. Doszhan[1], B.Abdualiuly[2]

[1] Academician A. Kuatbekov University of Friendship of Peoples, Shymkent, Kazakhstan

[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: raidoszhan@gmail.com, Bekzhan_A7@mail.ru)

Continuity of the Language of Sopy Allayar’s Work with Old Turkic and Modern Kazakh Languages (based on the work “Sabat ul-‘Ajizin”)

Abstract. Written monuments preserving the literary norms, developmental patterns, and linguistic features of different periods constitute a primary source for studying the history of the Kazakh literary language. Although its history dates back to ancient times, many aspects of its written literary tradition remain insufficiently studied. Modern scholarship considers the Chagatai literary language one of the sources that influenced the formation of the Kazakh written literary language. Its widespread use among the Kazakhs is evidenced by Abai’s poems written in this tradition and his references to Sufi Allayar in the Words of Edification. Drawing on previous scholarship, the article clarifies the concept of the “Chagatai language” and employs related terms such as “Central Asian Turkic literary language” and “tradition of Turkic written literature.”

The study examines the grammatical, phonetic, and lexical features of Sufi Allayar's Sabat ul-'ajizin ("The Perseverance of the Weak"). Particular attention is given to the historical development of grammatical forms, including the ancient dağ/dek and modern day/dey, dative and ablative case endings, the archaic participial form -mysh and its modern counterpart -ğan, and the Old Turkic formant dür, which expresses emphasis but is no longer independently used in modern Kazakh. The analysis also considers the use of -lar with plural third-person verb forms and Arabic-Persian izafet constructions, as well as the phonetic correspondences s~sh and sh~ch. The text contains numerous Arabic and Persian lexical borrowings and religious anthroponyms, many of which have entered the modern Kazakh anthroponymic system.

As a poetic historical monument, Sabat ul-'ajizin preserves linguistic, phraseological, grammatical, and lexical features of its period. Its linguistic evidence demonstrates the continuity between the Central Asian Turkic literary tradition and the development of the Kazakh written literary language, contributing to a deeper understanding of its historical formation and evolution.

Keywords: Chagatai language, Central Asian Turkic literary language, poetic work, Sufi literature, phrase, sound change, vowel harmony law, Old Turkic, loanwords, bookish language, sound correspondences, linguotextology, graphophonology.

References

1. Amanzholov A.S. Kone turki, arab, latyn grafikasy kursynyn programmasy [Curriculum for the course on Old Turkic, Arabic and Latin scripts]. Almaty, Kitap Publ., 1980, 34 p. [in Kazakh]

2. Doszhan R.A. Eski qazaq adebi tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Old Kazakh literary language]. Astana, 2011, vol. 1, 208 p.; vol. 2, 304 p. [in Kazakh]

3. Drevnetyurkskiy slovar [Old Turkic dictionary]. Ed. by E.V. Sevortyan. Leningrad, Nauka Publ., 1969, 676 p. [in Russian]

4. Isaev S. Qazaq adebi tilinin tarikhy: oqulyq [History of the Kazakh literary language: Textbook]. Almaty, Ana tili Publ., 1996, 304 p. [in Kazakh]

5. Islam: entsiklopediya [Islam: Encyclopedia]. Compiled by R.N. Nurgaliev. Almaty, Qazaq entsiklopediyasy Publ., 1995, 280 p. [in Kazakh]

6. Qazaqstan: Ulttyq entsiklopediya [Kazakhstan: National encyclopedia]. Ed. by A. Nysanbaev. Almaty, Qazaq entsiklopediyasy Publ., 1998, vol. 1, 720 p. [in Kazakh]

7. Qunanbaiuly A. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy. T. 1: Olender men audarmalar [Complete works in two volumes. Vol. 1: Poems and translations]. Almaty, Zhazushy Publ., 2003, 296 p. [in Kazakh]

8. Orazov M. Shagatai tili (zhalgasy) [The Chagatai language (continued)]. QR GA khabarlary. Til, adebiet seriyasy [Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Language and Literature Series], 1992, no. 1, pp. 9–19. [in Kazakh]

9. Sabit-al-adzhizin [The perseverance of the weak]. Kazan, Lyudvik Shivittson Publ., 1841. [in Chagatai]

10. Sufi Allayar. Madzhmugatu-l-khikayat (Risalat-ul-Gaziza) [Collection of stories (Treatise of Ghaziza)]. Kazan, 1893, 254 p. [in Chagatai]

11. Syzdykova R. Qazaq adebi tilinin tarikhy (XV–XIX gasyrlar). Koptomdyq shygarmalar zhinagy [History of the Kazakh literary language (15th-19th centuries). Collected works in multiple volumes]. Almaty, El-shezhire Publ., 2014, 352 p. [in Kazakh]

12. Kotibov R.B. The role of Sufi Allayar's works in Uzbek literature and spiritual-educational heritage. European International Journal of Pedagogics, 2025, vol. 5, no. 4, pp. 153-156. DOI: https://doi.org/10.55640/eijp-05-04-36.

13. Ulug'ov J.N. Interpretation of spiritual and ethical values in the works of Sufi Olloyor. Open Academia: Journal of Scholarly Research, 2025, vol. 3, no. 11. ISSN 2810-6377.

Авторлар туралы мәлімет:

Досжан Р.А. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Академик Ә. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан.

Әбдуәлиұлы Б. – хат-хабарға жауапты автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Досжан Р.А. – доктор филологических наук, профессор, Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан.

Әбдуәлиұлы Б. – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Doszhan R.A. – Doctor of Philology Science, Professor, Academician A. Kuatbekov University of Friendship of Peoples, Shymkent, Kazakhstan.

Abdualiuly B. – corresponding author, Doctor of Philology Science, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).